

ЕЛ ІШІ-ӨНЕР КЕНІШІ



ЕРМЕК МҰСТАФИН

Туған жерге тарту

/өлеңдер жинағы/

Ермек Мұстафин

Туған жерге тарту
/өлеңдер жинағы/

Шет ауданы
Ақсу-Аюлы селосы, 1990 жыл

Ақын, актёр, әрі әнші-композитор Ермек Мұстафин (1917-1990 жж.)

Ермек Мұстафин

Туған жерге тарту. Өлеңдер жинағы.

Шет ауданы: Ақсу-Аюлы селосы, 1990. - 38 бет.

«Ел іші—өнер кеніші»—
—деп бекер айтылмаған.
Шындығында, ел іші—өнер
бесігі. Атап айтқанда, кү-
міс көмей әнші де, жез-
таңдай жыршы да, сауса-
ғынан сырлы саз сорғала-
ған күйші де, жоталы жы-
рау, арқалы акын да ел
ішінен шығады. Оның ай-
қын мысалын өз ауданы-
мыздан да көруге болады.
Өнер сүйер қауымның ыс-
тық ықыласына бөленіп, ел
құрметтісі атанған жан-
дардың бірі—акын, актер,
әрі әнші—композитор Ер-
мек Мұстафин. Өнерді биік
мәреге көтеріп, рухани
қазынаға айналдырған
Ерекең Шет ауданынан
шыққан зерделі де зерек
өнерпаздардың бірі екені
мәлім.

Табиғаты ән болып төгіліп,
күй болып төгіліп тұрған
Бұғылы тауы баурайында
1917 жылдың қаңтардың 6
жұлдызында дүниеге келген
Ермек Мұстафин жастайы-
нан өнерді мұрат тұтып,
домбырамен ән салып өлең
шығара бастайды. Ақыры
табиғи талап өнерге деген
құштарлық оны Қарағанды
облыстық Қазақ драма
театрына келуіне себеп
болады. Тау-кен училище-
сінде дәріс алып жүрген
талантты жасты 1940 жы-
лы драма коллективі өз
өнер отауына шақырады.
Еңбек жолын осы үлкен
коллективте бастаған Ере-
кең аз ғана жылдар ішінде
өнерімен ел көзіне іліне
бастайды. Сол кезде драма
театрында еңбек еткен ке-
йінде Қазақстанның халық
әртисі атанған Мүлік Сүр-
тібаевпен «Қозы-Көрпеш
Баянсұлудағы»,— Қозының,
«Қыз Жібектегі» —Төлеген-
нің рольдерін кезек-кезек

ойнап өз талантын шың-
дайды.

Ермек Мұстафин Қара-
ғанды қазақ драма теат-
рында 1965 жылға дейін
жемісті еңбек етті. Осы
жылдар ішінде Ерекең
бірнеше көрнекті образдар
жасап, өз талантын актер
ретінде сан қырынан та-
нытады. Мысалы, «Қозы
Көрпештегі» —Қозы, «Ай-
мап-Шолпанда» —Әлібек,
- «Еңлік-Кебекте» —Кебек,
«Исатай- Махамбетте»—
Махамбет, «Ер Тарғында»
—Сакан батыр рольдерін
бейнелеп, көрермен қауым-
ның алғысына бөленді.

Ермек ағамыз тек қана
атақты актер ғана емес, әрі
акын, әрі әнші —компози-
тор, Ерекең өз өмірінде
халық әндерімен, халық,
акын-жырауларының жы-
рын жұртшылыққа наси-
хаттауда жемісті еңбек
етіп келе жатқан айтулы
өнерпаз. Оның орындауын-
дағы Ақанның, Біржанның,
Жаяу Мұсаның, Естайдың,
Ыбырайдың, Балуан Шо-
лақтың, Әсеттің және Абай
дың әндері жана бір қы-
рынан көрініп жүрекке
жылы тиіп жатады.

Сондай-ақ Ерекең Мақ-
тұмқұлы, Омарһаям, Бұқар
жырау жырларымен халық
ақындары Шортанбай, Кем
пірбай, Шөже және Зей-
неп» Қақпан, Мясар
сияқты ақындардың артқы
қалдырған мұраларын на-
сихаттауда көп еңбек сі-
гіріп жүр. Біз Ерекеңнің
сахнада ойнаған актерлік
ойындарын айтқанда қан-
дай рольді болмасын, то-
лық қамында, қаз-қал-
пында образбен ойнайты-
нын айтуымыз ләзім.

Ермек аға ойнаған рольдер

ұмытылмастай әсер қалдырады. Мысалы, Шет аудандық, халық театры халық театрларының республикалық байқауына Мұхтар Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясын әзірлегенде Ермек Мұстафин трагедиядағы Асан сал бейнесін тұлғалады. Ол Асанның серілік өмірін, дәл жеткізуге, әншілік, күйшілік; суырып салма қабілетін бар болмыс бітімімен жайып салуға ықылас қойды. Бар арманын, үмітін, қуанышы мен қайғы қасіретін домбыра шапағына үйіргеннен Асан-салдың бейнесіне көрермендер ыстық ықылас білдірген болатын.

Ерекең ауылға оралған сонау 1965 жылдан бастап аудандық Мәдениет үйінде методист, кейінде режиссер болып 1977 жылға дейін қызмет істеді. Осы жылдар ішінде ол өзінің мол тәжірибесін жастарға үйретуден жалыққан жоқ. Көптеген жастарды сахна өнеріне баулып, оның қыры мен сырына қанықтырды Білгір сахна саңлағы Ерекеңнің басқаруымен 1976 жылы дайындалған «Қозы-Көрпеш, Баян-сұлу» драмасы облыстық байқауда жоғары бағаланып, Мәдениет үйінің жанындағы драма коллективіне "Халық театры» атағы берілді,

Ермек Мұстафин — айтыскер ақын. Ең алғашқы айтысы Қазақстанның 40 жылдық торқалы тойында болады. Осы торқалы тойда ол қарағандылық шахтер

—ақын Орынбай Аймағанбетовпен айтысып, көмірлі Қарағанды туралы ой толғайды. Сонымен бірге Ерекеңнің әр жылдарда жазған өлеңдері жергілікті аудандық және облыстық газеттерде жарияланып келеді. Ақын өлеңнің басты тақырыбы туған елге, жерге деген іңкәрлік сезімге құрылған.

Алтын бесік туған жер, Ерекеңнің шабытты жырының бұлағы іспетті. Ақын ағамыз, 1977 жылдан бері құрметті еңбек демалысында. Әйтседе көпшілік-мәдени жұмыстардан қол үзбеген Ермек Мұстафин Шет ауданының құрылғанына 60 жыл толуына арналған торқалы тойда да халық ақыны Маясар Жапақовтың 110 жылдық мерекесінде де үлкен дүбірдің ортасында болып, өз өнерін ортаға салды.

Өнерді жан-тәнімен сүйіп, оны өмірлік өзіне серік еткен ағамыз айтулы ән орындаушы ғана емес, өз жанынан ән шығарып жүрген әуесқой композитор да. Әуесқой композитордың «Туған жерге тарту» — атты әні ел арасына кең тараған туындылардың бірінен сана-

лады. 1990 жылы шілде айында.

Аудандық Мәдениет үйі жанындағы халық театрының бұрынғы режиссері, ақын, актер әрі әуесқой композитор, құрметті еңбек демалысындағы Ермек Мұстафин 73-ке қараған шағында дүние салды.

Еңбек жолын 1940 жылы Қарағанды қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық драма театрында бастаған ол мұнда 1965 жылға дейін жемісті еңбек етіп, айтулы актер екенін сан қырынан танытты. Драма театрында еңбек еткен жылдарда «Қозы-Көрпеш—Баян сұлудағы»—Қозының, «Қыз Жібектегі»—Төлегеннің, «Айман—Шолпандағы»—Әлібектің, «Еңлік—Кебектегі»—Кебектің, «Исатай Махамбеттегі» — Махамбеттің, «Ер Тарғындағы»—Сақан батырдың ролдерін ойнап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Ермек Мұстафин 1965-1977 жылдар аралығында құрметті демалысқа шыққанша аудандық Мәдениет үйінің методисі және халық театрының режиссері болып қызмет атқарды. Білгір сахна саңлағы ретінде жастарды өнерге баулып, 1977 жылы драма коллективінің «Халық театры»

құрметті атағын алуға сүбелі үлес қосты.

Ермек Мұстафин айтулы актер ғана емес, сонымен бірге ақын, әнші және әуесқой композитор ретінде аудан жұртшылығына да кеңінен танымал. Оның әр жылдарда жазған өлеңдері мен поэмалары және айтыстары аудандық және облыстық газеттерде жарияланып, республикалық ақындар жинағына да енгізілді.

Мәдениет саласындағы жемісті еңбегі үшін бірнеше рет ССРО медалдарымен наградталды.

Табиғатында ақ көңіл де - жарқын мінезді Ермек Мұстафиннің бейнесі оны білетіндердің есінде әрдайым сақталады,

С. АЙНАТАЕВ.

Шалқи бер жайнап,

Жезқазған

Шалқи бер жайнап, Жезқазған,
Ортақпыз тасқын бағына.
Кұтты боп тіккен отауың,
Жақсылық толсын шағына.
Әлемге тарап табысың,
Орнадың ғасыр беліне,
Толықсып мәңгі берекең,
Ұқсай бер шалқар көліме.
Түрлентіп байтақ жерімді,
Арқаның Ертіс каналы.

Шашуын артып балықтан,
Даңқыңа беттеп барады.
Аймағың жомарт, кең жайлау,
Сарсу мен Кеңгір өзендер.
Қойнауың толған байлықты,
Меңгерген еркін өрендер.
Қаражал, Балқаш, Ақшатау,
Олар да тиді еншіне.
Қосылса елге ел—құт деген,
Көбейді достар кеншіңе.

Қыраны сен де заманның,
Айға да жетіп оралған.
Алыбы сен де заманның,
Тасыңнан бөліп нәр алған.
Қайнай бере ырыс қазаны,
Жүрегің соғып тынбастан.
Өркенде ерлер кеніңмен,
Қаймағын қалқып, сырласқан.

Е. МҰСТАФИН.

28 ноябрь 1975 жыл

ТУҒАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАН

Советтік туған елім Қазақстан,
Бақыттың шұғылалы нұрын күшқан
Арнадым жүрегіммен, тілегіммен,
Қанатты көгершіндей жырымды ұшқан.

Аянда өскен еркін балаң едім,
Жасымнан шаттығыңды қалап едім.
Шоқтығың асқарлардан асып бүгін,
Қиырдан шалқып қанат қаға бердің.

Көргем жоқ дәуіріңді өткендегі,
Естісем жирендірер өткен мені.
Жоғалсын, оралмасын зарлы күндер,
Желпіген мені өзіңсің көктем лебі.

Назарын аударуда әлем саған,
Арналып достан алғыс, сәлем саған.
Өсіріп бақшалы бау, өмір гүлін.
Арманға жетті елім жан аңсаған.

Төрт түлік өскен өрбіп кырың қандай,
Қызығың көңіліме шырын балдай.
Шалқыған теңіз болып қауызыңа,
Әлемнің бар алтыны құйылғандай.

Алып күш, даңқы асқан Қарағандым,
Өркім-ақ тапқан сенен қалағаның.

Асылың жер ананың ақтарғанда,—
Бакыты баудай өскен бар адамның.

Көресің Магнитка, Теміртаудан,
Сом білек өрендерді не бір палуан.
Көлкіген темір, болат өзендерін,
Сапырып жатыр жайсаң темір қауғам.

Жезқазған, Екібастұз, Сарыбайлар,
Тасқынды тау суындай кені қайнар.

Әлі талай мәуелі гүлдер өсіп,
Ел жайлар, байтақ өлке жерім жайнар.

Өнерің асыл биік асуларды,
Көлеттің қойыныңнан асылдарды.
Отанның Шығыстағы отауы деп,
Шашуда туыскандар шашуларды.

Келе бер, бұдан да асып кемеліңе,
Сүйсінсін ел ерінің өнеріне.

Кемеңгер Компартия бастауымен,
Өрлей бер, бакыт жайлау белеңіне.

Е. МҰСТАФИН.

УДБ № 2 жұлға 1/УМ 85-М 60-Л

Жыр жолдары

НҰРАТАЛДЫ

Совхозы «Нұраталды» шалқып жатқан,
Нұрасы Талдысымен толқын атқан.
Еңбеккер ері қандай жеріне сай,
Жыл сайын артығымен табыс тапқан.

Сонау бір Қызылқой мен Шопа қандай,
Көргендер береке деп атағандай.
Тескенсу, Ақсу мөлдір үйіріліп,
Маңынан бақшалы бау тасығандай.

Қосылған Қармыс өзені бір жағынан,
Оңтүстік Бұғылы тау қыр жағынан,
Туматай ол да келіп түйіседі,
Болғандай арқау, өзек жырға думан.

Таңданып шығысында тұр Қызылтау,
Гүлденген сай саласы нұр Қызылтау.
Бұл жерлер төрт түлікті мал өсірген,
Қысы қатал, жазы жомарт, күзі бау.

Бұл жерден ақын да өткен, батыр да өткен,
Кезінде аймағына даңқы жеткен.
Сонау өткен әділетсіз бір заманда,
Ой салар саналы да, ақылды өткен.

Бұл жерден Бұлғын батыр өсіп өнген,
Бір кезде қалмақтарды жер қып жеңген.
Үстінде қалмақ қырған жатыр Бұлғын,
Қарауыл қараймын деп оба дөңнен.

Батыр боп Бұғылыдан Ботай шықты,
Қайтпайтын қайсар мінез болды мықты
Кешегі қан төгісте алғы шепте,
Қарсы алды бетпе-бет оқ пен отты.

Бұл жерден Қақпан ақын, Жәкең өткен,
Артына сөз қалдырған, жырын төккен,
Жылқыбай Нұрбекұлы о да сондай,
Ол бірақ, өкінішпен жастай кеткен.

Қырында теңіз-егін жайқалады,
Көңілің көре қалсаң жай табады.
Беруде Отанға, әр жыл артық астық,
Мұны кім өтірік деп айта алады.

Бүгінгі ер осыларды өндіріп жүр,
Еңбекпен табиғатты көндіріп жүр.
Биыл да тапсыруға жоспарды артық,
Берік те нық сенімде жүр.

Ермек МҰСТАФИН,
Ақсу-Аюлы селосы.

7 ноябрь 1975 жыл

Құттықтаймын Октябрь

Туған ел құтты болсын ұлы Октябрь,
Жасаған елу сегіз жыл бұл Октябрь.
Шалқыта шоқтығы асып келген сайын,
Соғады жан елжіреп, жүрек тамыр.
Құтты болсын әрқашан ұлы күнін.
Білген әлем бұл күннің ұлылығын.
Лениннің мәңгі сөнбес Жеңіс туы,
Тағыда шалқыды алда, міне, бүгін.
Күн жетпес тамаша еді бүгін неткен,
Әлемді әсерімен дүбірлеткен.
Теңеу жоқ осы бір сәт қызығына,
Асығып ұлы тойды көптен күткен.
Октябрь берерін көп бергеніңнен,
Шешілер сан сырларын ерлеріңмен.
Жайнан бер, ғасыр белін гүлге бөлен,
Бакыттың есігіндей тербелінген.

Е. МҰСТАФИН.

Сырласа бергім келеді

Нәрдісін оқып кітаптың,
Сырласа бергім келеді.
Онда бар құнды қымбаттым.
Онда бар өмір дерегі.
Кітап бір арна сарқылмас.
Парасат ойдың бұлағы,
Түсінсең талдап қор қылмас.
Жаныңның жайлау тұрағы.
Ауызбен айтқан далбаса,
Жалғанды шындық қолдаймыз.
Жазылып тарих қалмаса,
Өткенің ұмыт болмайма.
Ленин жазған томдардың,
Әр бетін ашып үңілсең.
Мәңгілік артқы шақтардың,
Көресің сөнбес нұрын сен.
Е. МҰСТАФИН.

ТОЛҚИДЫ ТУЛАР

Күндегідей емес бүгін,
Көріктенген қала өзгеше.
Күлімсіреп дөңесте күн
Құлпырды дала өзгеше.
Толқындайды тулар желмен,
Айбарындай ұлы елімнің.
Ән қалықтап асып белден
Қылын шергер жүрегіннің.
Жайраң қағып лек-лек адам,
Бөленген нұр, қызық жайға.
Өтіп жатыр парадтардан
Шаттық кернеп ұлы тойда.
Компартия бастап өзі,
Өткізгенде елді алдынан.
Жанға азық әрбір сөзі
Ұран шықты жер жаңғырған.
Е. МҰСТАФИН.

Жеңіс күніне арнау

Еске алып өткен күндер елестерін,
Ер асқан қамал бұзып белестерін,
Арнадым лебіздімді Армияға,
Қайтарған жаман талай егес кегін.

х х

Жыртқыш боп неге кей жан жаралды екен,
Оларға әділетті қоғам ба екен?!
Өзі адам, адамдыққа қастан болған,
Зұлымдар қандай жаннан таралды екен?!

Жерінде сонау жауда қалды сан ер,
Ел үшін төгіп қанын қалды сан ері
Ата-ана жазықсыз жар бала үшін,
Жұмсады оққа төсеп арды ер.

х х х

Ерлікпен туған өжет ару қалды
Туысқан қиыспас дос, бауыр қалды.
Партия тастап ұран, беріп қайрат.
Көтеріп тұрды Отан ауыр зарды.

х х х

Сан қиын өткелдерден өткен елім,
Долданса жау беттемес өктем елім.
Әр тамшы сол ерлердің қандарынан,
Көр әне, гүлдер жайнап көктегенін.

х х х

Біз бұған сондықтан да мақтанамыз,
Тойлаймыз әр күнін атқарамыз.
Уа, жұртым, ұмытпаңдар, дауылдарды
Көңілден бауырларды тастамаңыз.

Ермек МҰСТАФИН.

Жарысып бәйге атындай

Кемесі кең даланың қозғалды, әні,
Арнасын ақ теңіздің қозғады әні..
Лақылдап ақтарылды бункерінен,
Кеудесін кере жұтып толған дәні.

xxx

Ақ маржан таскын судай бұлқындады,
Атқылап ақ сабандар бұрқылдады.
Жойқын күш орақ тарта жөнелгенде,
Алыптар оқпандары құр тұрмады.

х х х

Көз тіккен ақ иықтай шың басында,
Рульде отыр тынбай сырласы да.
Қиыннан бой тартқан жан ер бола ма.
Жолатса жалқаулықты тұлғасына!

xxx

Жарысып бәйге атындай қызыл керуен,
Бөктере тартып олжа бункерлерден.
Тау жасап үйіп жатыр қоймаларға,
Жемісін жер ананың бізге берген.

XXX

Жер ана жомартсың-ау, жаралғаннан,
Бас иіп, бар тіршілік таралғаннан.
Мәңгілік қызығыңды көре берсе,
Адамзат көңілінде қалар ма арман.

Е. МҰСТАФИН.

30 август 1973 жыл

БЕЙСЕНБІ, 9 май 1974 жыл

С Ә Л Е М Ж А Р Ы С САҢЛАҚТАРЫНА

Сәлем саңлақ жарыстың түлектері,
Әрқашан елдің сенер тіректері.
Құттықтаймын әкелген табысыңмен,
Адалдық тілегіммен жүректегі.

Бас қосқан топтан озып жиынына,
Әркім дайын бас йіп сыйынуға.
Шыңдалып еңбекте өскен деп айтамыз,
Өмірдің көріп жеңіл-қиынында.

Заманның алып қадам тұлпарлары,
Заманның шарықтаған сұңқарлары.
Сендерсің жарып өтер бәйгі бермей,
Алдыңда сан тосқауыл тұрсадағы.

Бөленген сый-құрметке асылдарым,
Ұғарсың алдыңда әлі асу барын.
Мерзімінен бұрын орындап міндетінді,
Татындар, ел-жұртымның шашуларын.

Е. МҰСТАФИН.

23 июль 1976 жыл.

Қоңыр күз

Қоңыр күз, самалыңды талай көрдім,
Кейде бақ, кейде нұрлы арай көрдім.
Жылқышы, шопандарды кейде қысып
Желдетіп, жеделдетіп борай келдім.

Қоңыр күз, бірге өзіңмен бидай келді,
Толтырып қырымдарды сыймай келді,
Ежелгі азығыңды ал- дегендей.
Береген жомарттай-ақ сыйлай келді.

Қоңыр күз, дабылдайсың әр күнінде,
Аялсыз асығыстық бар үнінде.
Қыс деген қонағым бар дайындал деп
Ширатқандай жасы мен кәрінінде.

Қоңыр күз, қырлансан. да түйіп қабақ,
Болсаңда қысыңды әкеп ыйық тамақ.
Талулы қыстақта шөп, сарайда астық.
Алдыңа атаратар ерлер құрыш табақ.

Ермек Мұстафин.

9 октябрь 1966 жыл.

Қыс көрінісі

Ежелден бізге мәлім қыстың жайы,
Ақпан мен арқыраған қаңтар айы.
Қар жауып, қабағына қырау қатып.
Бурадай көбік атып қалшылдайды.
Жамылып ақ шәлісін ну ормандар,
Жамылып ақ көрпесін күз-аңғарлар.
Ышқына жүйткіп боран долданғанда.
Елестер көз алдына жортқан аңдар.
Бөрідей жолаушыны жағалайды.
Кейде орап тұншықтырып қамалайды.
Тау асып, ен даланы шарлап кезіп.
Жолындағы қыстақты аралайды.
Шұрқырап жабағы тай салып ойнақ,
Жарасып жылқы жатыр толып аймақ.
Сенгендей өзін баққан ерлеріне,
Қанатын жая түсіп сайды бойлап.
Көз алдын боран бүркеп адасса да.
Мекенін тастап талай бел асса да.
Бермейді жылқышы ерлер баққан малын,
Алқымдап долы боран таласса да.
Келседе қора торып кейде бәрі,
Белгілі күзетшінің не берері.
Құтқармай талайларын бүктеп сокқан,
Аз емес ауыдымда еңбек ері.
Мәз мейрам балалар жүр қар меп ойнап,
Жарысып шаңғы теуіп, аңдағайлап.
Ен жұтып қысқы күннің таза ауасын,
Жастықтың жарасымды тойын тойлап.
Адамның құдіретті баласына,
Іздесең қарсы тұрар табасың ба!
Бас иді оған дүлей табиғат та.
Жарамай күш сынасып таласуға!
Ақша қар ақ күмістей көзді тартып,
Оранып ақша бұлттан тау мұнартып.
Жақындап жаңа жыл да келді тағы,
Қарсы ал деп бір күнінен күнің артық

Е. МҰСТАФИН.

23 декабрь 1975 жыл

Жыр жолдары

Қыс көріністері

Ежелден бізге мәлім қыстың жайы,
Ақпанмен арқыраған қаңтар айы.
Қар жауып қабағына қырау қатып,
Бурадай көбік шашқан, қалшылдайды.

Дүлей күш, долы боран, шымыр аяз,
Дұшпанның қылышындай жарқылдайды
Не қылсын дүлей мылқау өлгенінді.
Не қылсын салғырт жалқауеңбегінді.

Қалт етсең ажалына орап алып.
Лактырап босағаға төрдегінді
Жамылып ақ шәлісін ну ормандар,
Жамылып ақ көрпесін күз аңғарлар.

Ышқына жүйткіп боран долданғанда,
Елестер көз алдына жыртқыш аңдар.
Бөрідей жолаушыны жағалайды,
Кейде орап, тұншықтырып қамалайды.
Тау асып ен даланы шарлай кезіп,
Жолында қыстақты да аралайды.

Шұрқырап жабағы-тай салып ойран
Жарасып жылқы жатар толып аймақ,
Сенгендей өзін баққан ерлеріне, -
Қанатын жая түсіп, сайды бойлап.

Көз алдын бүркеп боран адасса да,
Мекенін тастап талай бел асса да.
Бермейді жылқышылар баққан малын,
Алқымдап бөрі боран таласса да.

Келсе де қора торып кейде бөрі,
Белгілі күзетшілер не берері.
Құтқармай талайларын бүркеп сокқан,
Аз емес шопандарда елдің ері.

Адамның құдіретті баласына.
Іздесең қарсы тұрар табасың ба?
Бас иді оған дүлей табиғат та,
Төзе алмай күш сынасып таласуға.

Ермек МҰСТАФИН.

Аксу-Аюлы селосы.

4-бет, ИЛБИЧ ТУЫ» 15 январь, 1987 жыл

Сәлем жарқын Жаңа жыл

Сәлем жарқын Жаңа жыл ардақты елім,
Жырларым сен, әр қашан арнап менің.
Құтты болсын, жасарған жаңа өмірің,
Жүрегімде бұл күндер қалмақ менің
Сәлем саған, жайнаған Арқам менің,
Сәлем саған ұл-қызы байтақ елдің!
Төсің жайлау, қойның кең, төбең қыстау,
Береген неткен жомарт дархан едің!
Сәлем сәби болдырған бөбөтерім,

Әр қашанда аялап өбектерін.
Жаңа жылда жайрандап сен өсе бер
Жеміс күтер тірегім, деректерім.

Халқымыз мекендеген жер бетінде,
Жаңа жыл желпіп бүгін тербетуде.
Какпасын келер істің ашып тастап,
Көңілді алға қарай өрлетуде.

Мен бүгін мақтанамын елімді айтам,
Мен бүгін мақтанамын жерімді айтам.
Жерімде еңбегіммен бақыт тауып,
Отанға үлес қосқан ерімді айтам.

Бұғылы, Тағылы мен Қара Нұра,
Қарасаң көз жетпейді алқабына.
Төрт түлік, сан жеткісіз қаптап өріп,
Мақсатқа жетуде әр кез адамы да.

Қызылтау, Берекетті, Байбалаға,
Тең келер түсінгенге қайда баға.
Жеңе алмас жазда долы, қыста боран,

Секілді мейірімің жайған ана.
Барсаңда қай жағыңа қаптаған мал,
Көрмейсің еңбексіз жан сақтағанда
Сиырдан сүт молайтып қойдан егіз
Онда көп қасиетті жақсы адамдар
Сауыншы Нұраталдыдан Дәметкенім
Еңбектен депутат боп бақыт тапты.
Тракторшы Тонтаева Ақшатауда,

Делегат боп съезге жалын атты.
Қоралап қой өсірген шопаным көп,
Соғатын жүректегі Отаным деп!
Айша қыз соның бірі Кеншоқыда.

Дейді ол әлі-талай қосар үлесім көп.
Әжібек, тракторшы Сәмбеттерім.
Асырған әр күн артық еңбектерін.
Жүз жетпіс проценттен орындады,

Отанға бесжылдақта бермектерін.
Жаңа жыл баста еліңді бақтан баққа,
Дайынбыз -мақсат үшін атанбаққа.

Дайынбыз бүгінгіден ертең, артып,
Партия-съезінде мақтанбаққа!

Е.МҰСТАФИН.

Сүт бұлағын ағызған

("Нұраталды" совхозының озат сауыншысы Ынтық
Бәстеноваға арнаймын).

Қос өзен қатар жарысқан
Атанып Нұра, Талды боп

Бойында сан ел табысқан,
Өрбітіп түлік малды боп.
Сарқылмай ағып, ғасырлар,
Суаты болған тірліктің.

Саялап талын асыл жар
Қызығын тапқан бірліктің.

Онда бар жақсы адамдар
Жерінен жеміс нәр алған

Орденді абзал өрендер
Еңбекте өсіп шыныққан.
Солардың бірі әйгілі.
Депутат Ынтық ел білген,

Жарыста бермей бәйгіні,
Өзіне еркін көндірген.
Таптым деп бақыт, болдым деп,
Дандайсу, асу білмейді ол.

Тойына Отан биылғы,

Селдетіп сүтті беред мол.

Ермек МҰСТАФИН.

Екпінде ерлер, екпінде

Екпінді ерлер, екпінде,
Тұрмайды күтіп мезгілің.

Науқаны жетті шөптің де,

Ұнатып істің тездігін.

Тракторлар самғаса,
Сауырында жерімнің.
Жүрістен қажып таңбаса
Тынысы дер ем елімнің.

Кім білмейді мал деген,
Жан азығы екенін.

Кім білмейді малменен,
Мақсатына жетерін.
Түлік өсіп көп болса,
Отанымның байлығы
Мая-мая шөп болса,
Қаңтарға қару, сайлығы.

Ғ.МҰСТАФИН.

ЖАҢА ЖЫЛ ҚЫМБАТ, АТЫ ҚАНДАЙ!

Дәуірдің басқан сайын баспалдағын,
Шалқиды шат көңілден аспанда Күн,
Өзінше әр Жаңа жыл сыйын тартып,
Ашады Жаңа бетін дастандардың.
Жаңа жыл деген—қымбат аты қандай!
Әлемге жаңалық жар шақырғандай.
Селт етпес кім елеңдеп жыл келгенде,
Кім қалар ерлік істен, батылданбай.
Жаңа жыл келсе оралып, қағып дабыл,
Кеуделер қуаныштан тағынар гүл.
Жаңа жыл ескі жылдан артса самғап,
Салтанат біздер үшін тағы да-бұл.
Жаңа жыл төкті нұрын жер бетіне,
Әлемді бұрып дарқан келбетіне.
Сыйлауға жемісі көп ала келген,
Шалқыта, ел байлығын өрлетуге.

Аларсың жемісімді ала білсең,
Дейді елге, қиындыққа көне білсең.
Еңбексіз тегін олжа табам деме,
Олжа сол—несібеңді тере білсең.
Жаңа жыл келді, міне қысқы таңда,
Тіршілік махаббатын құшты таңда.

Көгершін еліктіріп балаларды,
Достығын құшып алып ұшты таңда.
Қызықтап балалар жүр қармен ойнап,
Достар жүр, достарымен жармен ойнап,
Мен бүгін қуанамын солар үшін,
Бәйге аттан өтсін өмір андағайлап.

Сан жылдар, сан ғасырлар қалып жатыр,
Ел нәсіп әрқайсысынан алып жатыр.
Жаңа жыл ұмыттырмай соғады әр кез,
Ақ күмбез, ақша қардан тігіп шатыр.
Сол қардай кірсіз таза жүрек болсын,
Отанға деген адал тілек болсын.
Базарлап келген жылды қарсы алайық.
Қас күйініп, достардың көңілі толсын.
Бұл жылда дос бірлігі байқалар жыл,
Түйсінтіп дұшпандарға ой салар жыл.
Шыңына коммунизм өрлей тартып.
Көш туы жоғарылап, жайқалар жыл.

Ермек МҰСТАФИН.

Ақсу-Аюлы селосы.

4 бет, «ИЛЬИЧ ТУЫ» 1 январь, 1987 жыл.

Тыңға қостың мол үлес

(Алғашқы тың игерушілердің бірі Орджоникидзе атындағы созхоздың Еңбек Қызыл Ту орденді механизаторы Шойман АХМЕТОВКЕ арнаймын).

Еңбекшілде Шойман ер.
Еңбек сүйген жасынан.
Оның алғыр ісіне,
Техника бас ұрған.
Елу төрттің жылынан,
Еңбек жолы басталған.
Күні бүгін озып жүр,
Ұлғайса да жастардан.
Механизатор тобына,
Жетекшілік етіп жүр,
Үлгі алғандай көргендер
Даңқы жұртқа жетіп жүр.
Тың көтеру басынан,
Араласқан оған да.
Жер қыртысын тілгілеп,
Табыс қосқан табысқа.
«Кировец» трактор,
Жүгендеген тұлпары.
Ол ұстаса рулін.

Тұлпары самғап зытады.
Жазда егін отуда,
Комбайнды билейді.
Ондай ердің ерлігін
Кімдер қалап сүймейді.
Еңбек Қызыл Ту орденінің,
Кавалері ол және,
Әр жыл сайын алуда,
Бағалы сыйлық -«олжаны»,
Тың көтеру кезінің,
Отыз жылын тойлаймыз.
Тағы талай тыңдармен,
Гүлденеміз, жайнаймыз,
Құтты болсын, Шойман ер,
Тыңға қосқан үлесін.
Келе жатқан көктемде,

Жүрген жерің түлесін!
Е. МҰСТАФИН.

Ақсу-Аюлы селосы.

Тасыған Отан байлығы

Ауданым байлық қосып байлығына,
Жылдан жыл табыс сыймай ой-қырына.
Қарсы алып елу жылын ұлы Одақтың,
Жеміспен қосылды кеп той-жырына.

Өткіздік мерекелі жылды қандай,
Отанға бердік дәнді сары алтындай.
Алпыс алты мың тонна үйілгенде,
Сірә, болар кішігірім ол бір таудай.

Аймаққа Нұраталды даңқы жетті,
Талайдан озып, басып өтті.
Бір өзі сегіз мың бес жүз тонна,
Астықпен төңірегін тасқын етті.

Қарасаң ауданымның аймағына,
Барсаңда көресің құт қай жағына.
Самсаған балаусалы тауларымның,
Сыйғандай қанша малың қойнауына.

Жаз болса шалқыған кең жайлауы бар,
Барсада масайрайтын қай жануар
Себілсе көктемінде дөңге төсек,
Құлпырар қара барқыт ойлары бар.

Самалды сарыарқаның беліндеміз,
Бұғылы, Талды, Нұра өріндеміз.
Ақшатау, Қайрақты, Ақжал кен ақтарған,
Сарқылмас берекенің төріндеміз.

Өрісі совхоздардың қаптаған мал,
Көрмейсің еңбексіз жан сақтағандар.
Артылтқан сиырдан сүт, қойдан егіз,
Онда көп қасиетті жақсы адамдар.

Сауыншы Бәстенова Ынтық атты,
Еңбекпен депутат боп бақыт тапты.
Шофер дос Әбдірахман Жолдасбаев,
Төсіне баға жетпес орден тақты.

Амандық, комбайншы Сәуле—жастар.
Ерліктің шықты биік шыңына асқар.
Биылғы егін жинау науқанында,
Көрінген бола алған жоқ оларға астар.

Қоралап қой өсірген шопаным көп,
Соғатын жүректері Отаным деп.
Омаров соның бірі Кеншоқыда,—
Дейді ол бесжылдыққа қосарым көп.

Е. МҰСТАФИН,

ЖОМАРТ ЖАЗ

Жомарт жаз, жайдары жаз, келді жайнап,
Табиғат рахатын берді жайлап,
Көктемде кеше ғана туған төлдер,
Жөнелді жайлауына орғып ойнап.

Қыс бойы үйде бұққан бала шықты,
Далаға ойыншығын ала шықты.
Отырған пеш түбінде қарт әжелер
Қызықтап немересін ода шықты.

Бар әлем жәрменкедей базарланды,
Жан біткен күн нұрымен ажарланды.
Ерте ойлап осы бастан қыстың қамын
Еңбектің нысанасын назарға алды.

Емес пе жаз саясы жер бетінің,
Берместей еліктірер ерге тыным.
Тербеткен жүрегінді жас баладай
Қарашы келістісін келбетінің.

Қарашы, сонау асқар таулар қандай!
Жайқалған орман, тоғай, нулар қандай!
Әндетсе тоты, бұлбұл, құстар алуан.
Назарын жан біткеннің аударғандай.

Бұл жазды ақын барма жыр етпеген,
Бұл жазда нелер терең сыр өтпеген.
Мөлдірей қара көздер гүл астында
Табысқан талай жүрек жүрекпенен.

Қарашы, сонау жылқы, сиыр, қойды,
Толтырып толықсытқан қыр мен ойды.
Саңлақтар оны баққан бақыт тауып
Волгамен жүр зулатып, құрып тойды.

Қарашы, сонау өзен, өлке бойлап,
Жарасқан шопан ауылы еркін жәйлап.
Келеді көрген сайын жасай бергің,
Недеген құмар қанбас, көркем аймақ!

Ермек МҰСТАФИН.

ШАЛҚАР ЖАЗ

Келші кербез, қадірлі қайран жазым,
Базарлы, мерекелі сайран жазым.
Сүйгізіп, самалыңа бала кезден,
Гүліңе қанатымды жайған жазым.
Сен келсең әлем жайнап өңденеді,
Сен келсең өрбіп-өсіп төл келеді.
Сен келсең қарт жандар да жазып бойын,
Желпініп, шығып дөңге, жөнделеді.

Сан сұлу көленке аялдаған
Бар сырын ағытудан аянбаған
Болсада шөбің төсек, гүлің жұпар.
Олар да қызығыңа тоя алмаған.

Кең дала, орманды тау, өлкелі өзен,
Бар тірлік басын иіп еркелеген.
Құстар да жүр қызықтап, қосып үнін,
Оянып ұйқысынан ертеменен.

Анамнан туып мен де жаралғанмын,
Кеудеме жылуыңнан нәр алғанмын.
Көңілдің рахатын тауып талай,
Түйінін шешкем сенен сан арманның.
Масайрап сен келгенде белді кездім,
Мейірлі, берекелі елді кездім.
Жиюсыз дастарқанын қазағымның,
Сан жерде, сан жиында көрді көзім.

Көрдім сан шопан достар ауылдарын.
Күнде той, бірлік толы қауымдарын
Аймағын сәнге бөлеп қой-қозылар,
Мыңғырған күнге төсеп сауырларын.

Түрленттің тағы да әне, арқа белін,
Төсіне шықты жайлап дарқан елім.
Құлашын көкке сермеп, ерлерім жүр,
Байлықтың тасқындата шалқар көлін.

Е. МҰСТАФИН.

Ақсу-Аюлы селосы.

КЕЛДІ МАЙЫМ

Жұтқыза жұпар лебін келді мамыр,
Өргізіп балапандай төлді мамыр.
Самалы жадыратып желпіп жанды,
Еңбекке еліктірді елді мамыр!

Май—мамыр ала келді мерекесін,
Өмірдің үлестіріп берекесін.
Жанбырын нөсерлете аспан күні,
Жер—ана жатыр ашып кере төсің!

Өзгеше кешегіден ажар бүгін,
Өйткені, бұл тарихи базарлы күн.
Желі бар қаламының жүйрік жан-

дар.

Дастанның талай бетін жазар бүгін.

Түрленген ауыл-аймақ қала мүлде,
Бөленіп көк торғынға, дала гүлге.
Парадка ата-аналар беттегенде.
Ту ұстап бара жатты бала бірге.

Партия тұрды биік тастап ұран,
Тағы да, тағы да алға бастап ұран.
Мақсат сол — дейді елім берсе

жеміс,

Әлемге коммунизм асқарынан!

Ермек МҰСТАФИН.

30 апрель 1974 жыл

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер неткен ыстық аяң маған,
Мекендеп ата-бабам баяндаған.
Шыр етіп түскенде алғаш топырағыңа,
Көтерген бауырына алып аялы анам.
Туған жер ажарыңнаң арай бердің,
Келеді көрген сайын қарай бергім.
Кетпейді көз алдымнан Бұғылы-Тағылы,
Сыртында жүрсемдағы талай белдің.
Топырағың денем тиген торғын маған,
Саяңнаң, гүліннен бал бердің маған.
Қаракат, жидетінді терген күнім,
Келер ме енді айналып сол күн маған.
Ақ сүтін мен анамнан татқам сенен,
Жарығын дүниенің тапқам сенен.
Талынды ат, шыбығынды қамшы жасап,
Түрленіп тай-қулындай шапқам сенен.
Бұлқынған бұлақтарың бөктердегі,
Өмірдің куәсі ғой өткендегі.
Талай ер, талай ару татып дәмін,
Нелер сыр жағасында өткермеді.
Балтырды тікен жыртып қанаса да,
Тойдым ба сендегі сан тамашаға.
Қызықтап сай-саланды таңнан кезіп,
Көнуші ем маса, көкбас таласа да.
Туған жер сол үшін де ардақтағам,
Секілді көрінесің ардақты анам.
Ел-жұртым еске алсын деп жаздым аздап,
Елжіреп жүрегімнен арнап саған.

Ермек МҰСТАФИН,

Ақсу-Аюлы селосы

4-бет «ИЛЬИЧ ТУЫ» 14 февраль, 1984 жыл.

АНАЛАРҒА АРНАУ

Ана деген қымбат есім қашаннан,
Аналарға бас иеді жасампаз да Ұлы Адам.
Аналармен көріктенген бұл өмір
Аналардан қуат алып нұрланған.
Ана деген-шаңырақтың тірегі.
Әркім де оны жақсы біледі.
Бұрылмайды қаталдыққа қашан да
Аналардың нәзік жанды жүрегі.
Аналардан батырлар да кездескен
Дұшпандармен қарсыласып белдескен
Кешегі өткен Әлия мен Мәншүктер
Еткен талай фашистерді жер-жексен.
Аналар көп елімізде солардай,
Еңбегімен ел мақтанар болардай.
Сендай қымбат аналарды көргенде
Әркімнің-ақ көңілі шат болардай.
Көңіл бөлсек сауыншылар атына
Зоя, Гүлнар, Татьяна, Мәкила.
Сүт селдеткен ауданымның мақтаны
Еңбегімен жасай бергін шаттана
Арасында депутаттар бар ел білген.
Ықпалына қиындықты көндірген.
Партпя мен ел сенімін ақтап жүр.
Табысымен артық жоспар өндірген.
Ұмила, Бәтжан, аналар көп ардагер.
Бала өсірген бақыт тапқан еңбектен,
Оларды халқым сыйлап, құрметтеп
Ақындары жүректерден жыр еткен
Түн ұйқыны бөлген қиып балаға,
Болмай ма айтсақ сансыз алғыс анаға.
Тәрбиелеп өсірсе ұл мен қызын
Лайықты етіп Отаны мен халқына.
Құттықтаймын ана біткен бәріңді.
Құттықтаймын жасыңды да кәріңді.
Тағы талай сегізінші март көре бер,
Көрейін тек қуанышты шағыңды.
Ұлы Октябрь бостандықты бастаған
Аналардың бақытына жол салған.
Жетпіс жасын тойлайды елім биыл күз
Ленин үшін үлесіңді қос соған.

Ермек МҰСТАФИН.

Ақсу-Аюлы селосы.

4-бет, «ИЛЬИЧ ТУЫ» 7 март, 1987 жыл.

АВТОКЛУБТАРДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
БАЙҚАУЫНА ҚАТЫНАСУШЫЛАРҒА
АРНАЙМЫН

Сәлем, саңлақ өрендер!

Сәлем, саңлақ өрендер, жарқын жандар,
Халқына өнеріңмен артық жандар.
Сәтті болсын жиналған тамашаңыз,
Жүзіндей өткір алмас жаркылдандар!
Тұрмасын күрмеліп тіл аманында,
Сөйлеп қал сәнге толы заманында.
Түрлі әуен жетсін шалқып әр тарапқа,
Құлағы елеңдесін баланың да.
Сіздерсіз өнерпазы бұл дәуірдің,
Әперген бостандықты нұр дәуірдің.
Әндетіп автоклуб барып жүрсе,
Емес пе жәрмеңкесі күллі ауылдың.
Сарынын «Сарыарқаның» бел тыңдасын,
Зулаған тына қалып, жел тыңдасын.
Бауырлас тілегі бір, тірегі бір,
Алыста жатқан алуан ел тыңдасын.
Мекені сауық-сайран — менің ортам,
Көздерін әнмен ашып күлді ботам.
Теңдіксіз арманда өтсе Ақан, Біржан,
Біздерге сайра деді бұл күнде Отан.

Е. МҰСТАФИН.

13 декабрь, 1973 жыл

Соғылды алғаш

қоңырау

Соғылды алғаш қоңырау,
Шақырып шәкірт балғынын.
Асыға басып барады,
Балғындар құшып таң нұрын

xxx

Ақ балапан өргендей,
Қозғалыс толды көшеге.
Қарап қойып соңынан,
Қызықтап жүр шеше де

xxx

Ұстаздары қарсы алып,
Жайды құшақ сағына.
Мақсат, тілек—жол ашу,
Болашақ өндірі бағына.

xxx

Түрленіп бүгін өзгеше,
Ашып тұр мектеп есігін.
Елестетіп әр көзге,
Екінші ана бесігін.

xxx

Қарашы неткен қымбат шақ,
Ой салғандай әр жанға.
Сол мектептен нәр алып,
Талайлар жеткен арманға..

Е. МҰСТАФИН.

6 сентябрь 1973 жыл

Сүйем сені,

т у з а н ж е р

Туған жер ажарыннан арай бердің,
Келеді көрген сайын қарай бергім.
Кетпейді көз алдымнан Бұғылы тау,
Астында жүрсемдағы талай белдің.

Туған жер неткен абзал саяң маған,
Мекендеп ата-бабам баяндаған.
Шыр етіп түскенде алғаш топырағыңа,
Көтерген бауырына алып аяулы анам.

Топырағың денем тиген торғын маған,
Гәусәрдай гүліңнен бал бердің маған.
Қарақат, жидек терген шаршау білмей,
Келер ме қайта оралып сол күн маған.

Ақ сүтін мен анамның татқам сенен,
Жарығын дүниенің тапқам сенен.
Талыңды ат, шыбығыңды қамшы жасап,
Түрленіп тай-құлындай шапқам сенен.


Балтырды тікен жыртып қанатса да,
Тойдым ба сендегі сан тамашаға.
Көңілдің көлеңкесіз күйін шертіп,
Көнуші ем маса, көкбас таласада,

Бал нәрлі бұлақтарың бөктердегі,
Тірліктің күәсіндей өткендегі.
Талай ер, талай ару татып дәмін,
Нелер сыр жағасында өткермеді.

Туған жер сені жастан ардақтағам,
Секілді көрінесің ардақты анам.
Тұрғанда Ұлы Отаным, елім-жерім
Бола алмас еш өкініш салмақ маған.

Е. МҰСТАФИН.

6-бет, «ИЛЬИЧ ТУЫ» 7 ноябрь, 1986 жыл.



МЕРЕКЕ БҮГІН ЕЛІМДЕ

Мереке бүгін елімде,
Жайнады бүгін жер, аспан.
Көтеріліп қолдарда,
Ал қызыл тулар жарасқан.

Болашаққа нық басқан.
Қалды жолда болдырып,
Талай жаулар жармасқан

Рейган торын құруда,
Әділеттің жолына,
Не боламын дейді екен,
Ол өзінің соры да.

Өтсе де жылдар, ғасырлар.
Бостандық күні сөнбейді.
Әділеттік тұрғанда,
Елімді дұшпан жеңбейді.

Осынау шаттық мереке,
Жасай берсін елімде.
Бейбітшілік аспаны
Болсын мәңгі көгімде.

Ермек МҰСТАФИН

Ақсу-Аюлы селосы.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН,

КЕЛГЕН ЖЫЛ

Жаңа жыл келді оралып қысқы таңда,
Алпыс жыл махаббатын құшты таң да.
Көгершін еліктіріп балаларды,
Достығын құшып алып, ұшты таңда.
Далада балалар жүр қармен ойнап.
Достар жүр достарымен, жармеп ойнап.
Мен бүгін қуанамын солар үшін.
Бәйгі аттай өтсін өмір андағайлап.
Бұл менің талай көрген Жаңа жылым,
Бұл менің талай көрген Анам-жылым.

Туғанмын Лениннің заманында,
Бабамнан артық менің табарым кімім?!
Достарым, құтты болсын келген жылың,
Миллиард алтын дәннен берген жылың!
Астықты ауданым да артық артты,
Бұл менің рахаттана көрген жылым!

Е. МҰСТАФИН.

1 январь 1977 жыл.

АРНАУ

Армысың, Ұлытау!

Армысың асқар Ұлытау
Армысың елім, ерлер елі
Бір емес мен мұнда
Бұрын да талай келгенмін
Жәйдары жарқын елімнің,
Ықыласын көргенмін
Актер боп жүрген кезімде,
Ойын, да қойып бергенмін

Домбырамды сайратып,
Әнімен көңіл бөлгенмін
Алғысын алып талайдың
Жүйрік аттай желгенмін

Қалмақтар дұшпан кезінде
Қорғаны болған ерлердің
Жайылған даңқы Ұлытау
Қорғаны болған Едігенің
Тұлпарының ізі бар,
Басында сонау тасында
Оны да көргем қызықтап
Болғанымда осында
Көптен көрмей, жол түс-
пей,
Сағынып келдім тағы да
Дәм-тұзын тартқан өлім-
мен
Ұлытауым тақына.

Өнермен келді жастарым
Қайта құру заманда
Сахнада сайрасын
Жийалған қауым, адамға
Ертеде келіп бас қосып
Ұлытаудан үш жүз тара-
ған,
Қанатып жайып өркендеп
Ел болуға жараған
Міне содан өрбіген
Байлығы шалқып ел жа-
тыр
Қаракеңгір, Сарыкеңгір
Ырысты өзен, көл жатыр
Дастарханы жиюсыз,
Жомарт елім бұл елім
Амандық берсін деп ай-
там

Елім саған тілегім.
Арқаның сауыр жерінен
Келдік арнап ортаңа
Өнермен шашу шашуға
Жарармыз деп қолқаңа
Ала келдік- сәлемін
Шет ауданы елімнің
Бұғылы, Тағылы,- Аюлы _
Асқар шыңды белімнің
Ала келдік сәлемін
Жаңа жылды қарсы алған
Жаңара бер Ұлытау
Деп саған да жар салған

Құттықтаймыз өнермен
Ұлытау көрің, жасынды
Құттықтаймыз өнермен.
Ұлытау асқар асылды.

Ұсқындарын кетіріп...

Қыздар көркі қос бұрым,
Төгілетін иықтан.
Желке тұстан қырқылып,
Айрылды қазір сиықтан.
Кейбіреулер шаштарын,
Көпенеше үйіп жүр.
Арасына әртүрлі,
Жүн, жұрқа да сыйып жүр.
Ақындар жырлап мадақтар,
Қолаң шаш еді бір кезде.
Қарауға да тұрмайтын,
Ұнамсыз болды әр көзге,
Төбедегі көпене,
Сопитып жүр беттерін.
Сезбейді сол себептен,
Ұсқындары кеткенін.
Қайран қылтың қыздар-ай,
Әсемдік қайда, білсеңші.
Қос бұрымды шұбалтып,
Бұрала басып жүрсеңші.

Ермек МҰСТАФИН.

Екі өлең

КӨКТЕМ

Көктемнің шағы басталды.
Табиғат сыйлап нұрлы күн.
Ашқандай дүние дастанды,
Қырлы да сырлы, жырлы күн.

Табылмас мұндай қызық шақ,
Іздесең шарлап жер бетін.
Киінген сұлу қызға ұқсап,
Жер жанартты келбетін.

Тойлардың жылы деңіздер,
Биылғы жыл әлем көретін.
Еңбектен туған теңіздер,
Арнадан асып төгетін.

Бастады тойды бұл көктем,
Жүз он жыл толған бабадан.
Елді өсіріп түлеткен,
Дарынды дарқан данадан.

Көсемге деген сенбілік,
Жыл сайын мейрам елімде.
Табысты тасқын сел қылып,
Еңбекпен өскен ерім де.

Қазақстан деп аталған,
Алпыс жыл толды еліме.
Компартиядан нұр алған,
Жақсылық толған төріме.

Соғыс бітіп көктем—Майда,
Жеңіс туы желбіреген.
Отыз бес жыл. Ерлік тойға,
Ел жүрегі елжіреген.

Береке толған елімнің,
Көктемі қандай ажарлы.
Қайда барсаң жерімнің,
Көресің нуын базарлы.

Құлпырып, ой-қыр даламда,
Қызғалдақ жайды қанатын.
Теріп __жүр балғын балам да,
Тоқтауға таппай тағатын.

Түсіріп еске өткенді,
Сипайды беттен майда жел,
Сыр шерткен сонау көктемді,
Шіркін-ай, сол кез қайда дер.

Келмеске кеткен күндерден,
Бүгінгі көктем таңы артық.
Заманда мынау түрленген,
Ерлерім тапқан бағы артық.

ДИҚАНДАРҒА

Келеді жомарт ерлерім, көктем комақ,
Талай қонып еліме өткен қонақ.
Уақыты жоқ көп тұрад ол асығыс,
Риза болмақ мол егін ексең қонақ.

Жемісі көп әкелген саған деген.
Аямасаң күшінді оған деген,
Өткен жылы миллиардқа қоссақ үлес.
Биыл да асуың көп алам деген.

Көктем егін екпейді дикан екпек,
Ерлер жерге дән сеуіп өнімді етпек.
Темір тұлпар далада дүбірлесе,
Олардың да тағдыры ермен өтпек.

Игі істері ерлердің ел байлығы,
Ерлерменен дамиды жер байлығы
Бесжылдықтың биылғы соңғы жылы,
Тасқындасын секілді көл айдыны.

Ермек МҰСТАФИН.

«ИЛЬИЧ ТУЫ» 4 бет 26 апрель, 1980 жыл.

ҰЛЫТАУ ЕГІНДІСІНЕ

Ұлытау Егіндісі —мекен елді
Онда бар, елін сүйген ердің ері
Өзгеше - ақ бидайы өзгелерден
Аймағы Қаракеңгір жердің жері.

Ұлытау егіндісі қалды есімде
Еріксіз жыр толғауын салды есіме
Аз ауыл аз-ақ жылда миллионер боп,
Бақытты алға қарай жол көшуде.

76-ы жылдан совхоз ол ауыл,
Күдігі жоқ болашағы мол ауыл.
44 жылда жасап отыр сан он төрт
Басқаларың сол ауылдай бола біл
Мал да өскен, егіп өскен, шалқып өскен
Әр жыл сайын жоспардан артып өскен

Соның бәрі екібектің арқасында
Шығармау керек оны әркім естен

Директоры Бітімбай ардақты адам
Әр істі ақылменен салмақтаған
Ел- жұртын ұстайды ол бабыменен
Ешкімге бастықсынып жармаспаған
Кәсіподақ бастығы, партком енді,
Олар да адал ниет, ердің ері
Ұйымдары жарасқан жан сүйсінер
Сездіріп тұр адамдық белгілері

Гүлбану —ардақты абзал қызы қандай,
Балдырған бала мінез жүзі қандай.
Тұлпарын техниканың ерттеп мініп,
Еңбекте салып жүрген ізі қандай.

Кім қызықпас талапты ондай жасқа,
Болама еңбегіне ойланбасқа
Ұйтқысы «Уражайдың» өрені ол
Жемісін еңбегінің жайған досқа

Көктемнің қызғалдағы гүлі емес пе.
Әр ісі, көңіл күйі, жыр емес-пе
Түрлентіп жер қыртысын әр көктемде
Жайқалтып «Урожайды» жүр емес пе

Ол депутат, ол—заман, заманға сай .
Қайта құру, бетбұрыста талапқа сай
Үлгі алыңдар қазіргі жастар содан
Ата-анаға сүйеніп болма еркетай.

Өнермен Шет ауданына барып қайттық,
Ұмытылмас, жанға әсер алып қайттық.
Тілейміз сол аз ауыл көп болуын,
Қалтқысыз елдігіне нанып қайттық.

Ермек МҰСТАФИН.

Ақсу-Аюлы селосы.

«ИЛЬИЧ ТУЫ» 25 қаңтар, 1990 жыл.